

## СЕРІК ӘБІКЕНҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДЕРЕКТІ ПРОЗА ЖАНРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

**ЖҮНДІБАЕВА Арай**

PhD докторы, Шәкәрім атындағы Семей университетінің  
қауымдастырылған профессоры. Семей/ Қазақстан  
e-mail: shapsha-aray@mail.ru

**МҰРАЛБЕК Мейіргүл**

Шәкәрім атындағы Семей университетінің магистранты  
Семей/ Қазақстан

*Аңдатпа. Мақалада Серік Әбікенұлының деректі проза жанрында жазылған шығармалары, сюжеттік желідегі оқиғалардың өткен уақыты, кейіпкерлер, топонимикалық атаулардың тарихи шындыққа сәйкестігі және оны оқытудың мәселелері қарастырылған. Мақала авторы көркемдік шешім мен өмір шындығын дәлелді көрсетуде роман жанрын зерттеуші ғалымдардың сыни пікірлеріне сүйенген. Шығармаларды талдауда оқиға орны, уақыты, кейіпкерлердің өмірде болғандығы басқа ғалымдар мен жазушылардың шығармаларынан мысал келтіре отырып дәлелдейді. XX ғасыр басындағы қазақ жеріндегі саяси оқиғаларға байланысты тепкі көрген, ұлт үшін күрескен, ел қорғап көмусіз қалған есімі беймәлім батырларын, қазақ даласының құпияға толы аңыздарын, ру аттарын, тарихи тұлғаларын қайта жаңғыртудағы С.Әбікенұлы деректі прозасының алатын орны, тарихи сананы қалыптастырудағы өткеннің тағылымын танып білудегі рөлі баяндалады. Сондай-ақ заманнан заман өтсе де ескірмейтін, мәні жоғалмайтын шындықтар болатыны, оларды еске салып отыру, сол арқылы халық санасын сергек ұстау – әдебиеттің биік парызы екендігі жайында ой қозғалады. Тарихи деректерге сүйенген көркем шығарманы оқыту – білім алушының тарихи танымы мен ұлттық болмысының қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Сондықтан, мақалада көркем әдебиетті талдаумен қатар, оны оқытудың әдістері көрсетіледі.*

**Кілт сөздер:** деректі проза жанры, прозаны оқыту, тарихи шындық, стильдік ерекшелік, әдебиет теориясы, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.

**Кіріспе.** Өскелең ұрпақтың эстетикалық талғамы мен тарихи санасын қалыптастырып, бойына отансүйгіштік сезімін ұялатуда көркем әдебиетті оқытудың маңызы зор болып саналады. Бұл ретте XX ғасыр басында қазақ жерінде жүргізілген саяси оқиғаларға байланысты туған жазушы С.Әбікенұлының «Кісіқырылған», «Арша жұпары» атты деректі прозасы маңызды орынға ие. Өйткені, көркем шығарманың ішіндегі деректі прозаны оқыту – білім алушының тарихи танымын қалыптастырып, сыни ойлау дағдысын жетілдіріп, өткенге өз

бетінше баға беруге үйретеді. Деректі проза – бұл прозадағы бөлек жанр, ішінде ойдан құрастыру өте сирек кездесетін, кейіпкері нақты өмірде бар, сюжеті тек қана өмірде шын болған оқиғаға құрылған, публицистикалық стиль кең қолданылса да, оқиғаның тірі картинасы бар, адамдардың психологиялық келбетін көрсете білген әдебиет болу керек деген түсінік тұжырымдалған. Деректі прозаның ғылыми-тарихи зерттеулерден айырмашылығы да осында.

**Зерттеу әдісі.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қатысты Ә.Қоңыратбаев, Қ.Бітібаева, А.О.Кәріпжанова, Т.Қ.Қасенова, Б.Д.Жұмақаева, Е.Жұматаева, Ж.Сүлейменова, Ж.Сәметова және т.б. белгілі ғалымдар зерттеу жүргізді. Мәселен, ғалым Б.Д.Жұмақаева әдебиетті оқыту саласындағы әдіскер-ғалым Н.И.Кудряшева ұсынған әдебиет пәнін оқытудың *шығармашылық оқу, эвристикалық, зерттеу және репродуктивті* әдісіне шолу жасайды. Сондай-ақ, осы принциптерді сүйене келе: «Зерттеу әдісінің негізгі мақсаты – оқу материалының сабақта қарастырылмаған кейбір жаңа аспектілерін ашу, шығармаға өз бетінше талдау жасау қабілетін жетілдіру, шығарманың идеялық-көркемдік салмағын танып, әдеби талғамын дамыту болып табылады» деп түйіндейді (Жұмақаева, 2015, 83 б.).

Оқушы мен білім алушыға деректі прозаны оқыту барысында жоғарыда айтылған оқытудың *зерттеу әдісін* қолдану маңызды. Өйткені, көркем әдебиет дерекке құрылғандықтан оны түсіндіруде білім алушы шығармада айтылған оқиғаларды өз бетінше саралауға тиіс. Бұл ретте шығарманың идеялық-көркемдік салмағын бағамдау үшін қосымша деректер маңызды рөл атқарады.

Осы деректі проза жанрының қазақ әдебиетіндегі шығармаларда көрініс табуы тың жаңалық емес екені анық. Оқиға желісінің шынайы өмірде болған оқиғаларға негізделуін бірнеше ғалымдардың зерттеулерінен көруімізге болады. Осы тұрғыда Р.Бердібай: «Қазақ әдебиетінде революциялық арпалыстар ақиқаты әлі де кең орын алып келе жатқанын көреміз. Халқымыздың тарихындағы биік белдей асу – төңкеріс заманына бұлар әдеби ескерткіштер, жанды естеліктер есепті. Біз бұл арада тарихи-революциялық тақырыпты шығармалардың әдебиетке әкелген оқиғалық мазмұндық «жүгін» ғана әңгімелеп отырмыз. Олардың көркемдік кестесін, тұтас тұлғасын, образдар жүйесін әңгімелеу – өз алдына жеке мәселе. Жақсы тақырып дәйім жақсы шығарма тудыра бермейді. Қаламгердің талант қауметіне, суреткерлік тәжірибесіне, екшелеген материалы мен әсеріне, әдеби дәстүрге байланысты артық-кем жасалған тұтастар кездесуі заңды» (Бердібай, 2018, 285 б.) – деп көрсетті.

Кейінгі жылдар әдебиетінде өмір орнықтырғыш дәстүр сақталып қана қоймай, беки, жетіле түсті деуге болады. Әрине, өсу процесінде қашан да жетістікпен қатар кемшілік те жүретіні мәлім. Сондай-ақ, творчестволық кеңістік ерекше күшейген осы соңғы дәуірде жекелеген шығармалардың идеялық тұрғысы мықты болмаған кездерін де білеміз. Бірақ бұлар әдебиеттің жалпы сара бағытына елеулі нұқсан келтіре алмады. Соңғы он жылдың шамасында әдебиетте байқалған

негізгі тенденция – өмір шындығын неғұрлым жан-жақты қамтуға бет бұру, қаһармандардың қоғамдық және жеке тіршілігінің сәйкестігін көрсетуге ұмтылу. Қоғам өмірінде орын тепкен ұлылы-кішілі сырқатты сынау, сол арқылы өмір асуының тазаруына септесу ниеті көп жазушылардың шығармаларынан сезіледі (Нарымбетов және т.б. 2009, 285 б.).

**Талқылау.** Қазақ әдебиетін оқыту мәселесін зерттеген белгілі ғалым Қ.Бітібаева әдебиетті кезеңдерге бөліп оқытуды ұсынады. Ол өзінің «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегінде ХХ ғасыр әдебиеті оның ішінде Қазан төңкерісі тұсында өмір сүрген шығармашыл тұлғалардың өмірі мен олардың туындыларына қатысты былай дейді:

«Тарихи шындықты бұрмаламай, өткен тарихымызды түп-түгел қараламай, әдебиет саласындағы өзгерістерді, саяси тартыстарды, жетістіктер мен кемшіліктерді көрсету» (Бітібаева, 2003, 239 б.).

ХХ ғасыр басындағы әдебиетті оқытудағы бұл принцип аталған кезеңмен қатар, сол кезеңге байланысты туған шығармаларды оқытуда да маңызды болмақ. Өйткені, қазақ әдебиетінің деректі, тарихи тақырыптағы шығармаларының бір шоғыры – ХІХ ғасырдың ақыры мен ХХ ғасырдың бас шеніндегі әлеуметтік өмірін, азаттық, тәуелсіздік үшін күресінің, төңкеріс заманының шындығын көрсетуге арналған шығармалар. Бұл тақырып қазақ әдебиетінде бұған дейін де неғұрлым көбірек әңгімеленіп келгені белгілі. Бірақ ол шығармаларда өмір ақиқатын идеологиялық «қалыптарға» икемдеп, жасанды түрде баяндау басым болатын. Бұл өз кезегінде деректі прозаларды оқытуда қиындық тудыратыны мәлім. Бұл ретте әдебиетті оқыту мәселелерін зерттеген ғалым Жұматаеваның пікірі құнды.

«Әдебиетті оқытуда қисындық ұғымдарға мән беріліп, олардың өзара байланысы мен ерекшелігін жіктеп, айқындап отырулары үшін мынадай жүйені ескеру қажет: 1. Фактіні жию, әдеби құбылыстарға мінездеме беру, 2. Бұл құбылыстарға жалпы мінездеме құру, 3. Мінездеменің барлық белгілеріне түсініктің, не нұсқаудың жолдарын анықтау, 4. Түсініктің белгілерінің маңыздылығын бекіту, 5. Талдауда белгілі бір әдеби құбылыстарды қолдану, 6. Түсінікті одан әрі дамыту, оны үнемі жаңа ұғымдармен толықтыру» (Жұматаева, 2016, 186-187 б.).

Осы талап тұрғысынан қарайтын болсақ, Серік Әбікенұлы шығармаларында айтылған деректерге қатысты басқа да фактілерді жинау және ол құбылыс пен оқиғаларға қатысты мінездеме беру маңызды. Өйткені, жазушы С.Әбікенұлы шығармаларында қамтыған тарихи кезеңі қазақ өмірінің елеулі тұстарынан тыс қалған жоқ. Мысалы, «Арша жұпары» әңгімесінде баяндалатын оқиғалар 1916 жылғы патша үкіметінің әскер қатарын толықтыруды желеу қылып, азаматтарды тыл жұмысына салуды көздейтін жарлығы шығуынан бастап қазақ халқының ашаршылықты бастан өткеруі, босқан елдің арғы бетке асып, сол ғасырдың бел ортасында Атажұртқа қайтып оралған кезімен сәйкес келеді. Шығарманың бас

кейіпкері Құндақбайдың әскерге барудан бас тартып қамалатын оқиғасы Жамбыл Жабаевтың «Зілді бұйрығында» суреттелетін ел шырқын алған заманымен тұспа-тұс келеді.

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,  
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.  
«Отыз бір – он тоғызды алад» деген  
Суық хабар халықты бұлқындырды.  
Жылады сорлы халық, малын айтып,  
«Кеткен соң қолдан шығып, келмес қайтып», –  
дейді де еңірейді, егіледі,  
Қайғының күні-түні күйін тартып (Жабаев, 1982, 58 б.).

Немесе Жамбылдың «Патша әмірі тарылды» өлеңіндегі:

«Көген көзді қосақтап,  
Қалай қиып берерміз?!  
Көздің жасы моншақтап,  
Көңіл шер боп өлерміз.  
Көк жайлауды қалдырып,  
Қайда көшіп кетерміз?!  
Көкіректі зар қылып,  
Қорлықпен қайтіп өтерміз?!  
«Бес үйден бір жігіт!» деп,  
Болыстар жүр шапқылап.  
Жасауылы үй тінтпек,

Қылыштары жарқылдап» (Жабаев, 1982, 57 б.), – деп халық қасіретін жеткізгені жыры да қай зұлматты баяндап тұрғаны оқырманға мәлім.

Сөзімізге келесі дәлел болатыны 1918-1920 жылдары Аненков әкеріне қарсы соғысқа қатысқан офицер, кейін ОГПУ бөлімшесін басқарған А.Беляевтің қазақ азаматтарының соңына түсуі де шығармада: «Беляев деген қызыл сілімтіктің соңына түскеніне көп болды, қасына Садырбай секілді жер жағдайын білетіндерді алып, жортады да жүреді. Екі-үш мәрте үстінен де түскен», – деп суреттеледі (Әбікенұлы, 2018, 29 б.).

Жоғарыда атап өткен ашаршылық деп отырғанымыз: «Соңғы төрт-бес жылда елден мүлде күй кетті. Бай-бағланның малы кәмпескелене бастап, қазақтың қазанында жел ұлыған ұлу жылындағы сұмдық жылан жылында да жалғасып, құрым киіз, жүн-жұрқа, тері секілді жөнсіз салықтар халықты есеңгіретіп жіберді. Белсенділер «Сүйек салығын төле» деп жарлының жалғыз сиырын сойдырып тастаған оқиғалар болған» делінген «Арша жұпарындағы» осы ұлу жылы 1917, ал жылан жылы дегені 1918 жыл екенін аңғаруымызға болады. С.Сейфуллин 1917 жылғы жазған «Ұлу» атты өлеңінде:

«Ұлу келіп көтерді елдің обалын,

Мал жұтатып, сынын алды қораның

Нақ Ұлудай ұмытқан жоқ қазақты,

Атышулы былтырғы өткен Қояның» – деп жазған халық үшін азапты жыл осы. Одан ары «Жұрт ашыға бастады, бұл зұлматтың жиырмасыншы жылғыдан да қатты тиетінін сезген қазақ бассауғалай бастап еді. Бердібек, Қойлыбай секілді ел ағалары ерте қамданып, сайдың тасындай жігіттердің көмегімен арыға өтіп кетті» деуінен 1921-1922 жылдардағы қасіретті кезеңнің басталуын байқай аламыз. Сол арғы бетке өткізген халықты Қытай билігінің қайта қайыра қуатын аяусыз әрекетінің салдарынан елдің қырылуын болдырмау үшін Құндақбай Қытай гөмінданына алтын тайтұяқты беріп қана мүмкін болатынын білетін. Он алтыншы жылы сол ауа көшкен қазақты тонап, мал-мүлкін тартып алып, кері қуғандар да осы Ван Юэшэннің адамдары десек, Гоминьдан деп отырғаны 1912 жылы Қытайда құрылған, елде парламенттік республика құруға тырысқан, прогрессивті антиимпериалистік және антифеодалдық ұлттық-демократиялық партия.

**Нәтижелер.** Ресей отаршылдығын ең соңғы болып мойындаған Жетісу өңірі еді. Батысымызға XVIII ғасырдың соңында, солтүстік пен шығысқа XIX ғасырдың басында еніп алған патша Ресей жазалаушылары 1840 жылдары Жетісу жеріне бекіністер сала бастады. Қапал, Верный қамалдарына казак полктары орнығып, ноқтаға басы сыймаған халықты жуасыта бастады. Көтерілістер, кескілескен ұрыстар басталды. Жетісу қазақтарына Қоқан хандығының сарбаздары, қырғыздар қосылып, намыс оты лаулай түсті. Көтерілісшілерді 1861 жылы генерал Колпаковский аяусыз жаншығаны тарихтан аян. 1916 жылы да ең көп көтеріліс болған өлкелердің бірі Жетісу еді. Албан көтерілісі, Сырымбет көтерілісі, Қаратал көтерілісі, соңғы кезде Бөрібай ұранымен айтылып жүрген Ақсу-Бүйен, Мырзалар көтерілісі, Сатыдағы, Қордайдағы көтерілістер... Қазақтың азаттық үшін күресі осылай жалғаса берді. Большевизм жеңіске жеткеннен кейін де отаршы терроры тоқтаған жоқ. Қазақтар «қу жақ» атап кеткен Филипп Голощекиннің қанқұйлы саясатына қарсы шыққан ерлер көп болды, жігіт жиып, жауға ұмтылғандар арасында әзірге есімі елге белгілісі Құндақбай Төлендіұлы, Омар төре Мұртазин, Көлтай Жолдыбаев, Омарбек Еркінбекұлы, Қоспантай Айнабеков, Мергенбай Жаманкөзұлы, Сыматай Әрсековтер (Әбікенұлы, 2020, 6 б.). Осындай тарихи оқиғалармен сәйкес келетін шығарма өзегі кейіпкерлердің де өмірде болған тарихи тұлғалар екеніне де шек келтірмеуге себепкер болатыны анық. Құндақбай туралы жазушы Серік Әбікенұлы өзінің «Кісіқырылған» атты мақаласында: «Бұл жер жайлы мәліметті іздеп, тас болып қатқан тарихын таспаға түсіруге атақты «банды», 1916-32 жылдары меньшевикке де, большевикке де басын имей, азат басын ажал құрықтағанша тас жастанып, тау жамылып жүріп, бар ғұмыры күреспен Құндақбай мерген Төлендіұлының өмірбаянын зерттеуім себепкер болды. Кеңестік чекистер жазған «Ответный удар» атты деректі очерктер жинағында Түлкілі тауының басындағы бес күндік операция жайлы баяндалады: «Комотряд отряд, снабженный подробными сведениями о

расторжении главных сил бандитов, вскоре провел успешную операцию. Многие бандиты сдались. Кундакбай с наиболее верными своими приспешниками ушел к границе, но там, в районе Дубуна, был окружен заранее предупрежденными пограничниками и разгромлен. Только несколькими бандитам удалось вырваться из окружения. Сам Кундакбай был убит». Мұндағы ең бірінші жалған мәлімет «Құндакбай өлді» деген дерек. Анығында, Құндакбай мерген аз жігітпен құтылып кетіп, көп жылдан кейін Қытайда көз жұмған. Түлкілідегі қырғында қаза тапқандардың бәрі «бандит» дегені – ата-бабаларымызды қос өкіметтің ортасына қарауыл етіп қойып, қойдай қырған кеңес тарихының екінші өтірігі», – деп баян етуінен автордың аталмыш шығарманың басты кейіпкері мен оқиға өткен орынды кездейсоқ таңдап алмағанын аңғарамыз (Әбікенұлы, 2017).

Құндакбайдан бөлек те А.Н.Куропаткин (Түркістан генерал-губернаторы), Го Ибао (Текес бойындағы қорғаныс заставасының қолбасшысы), И.Мамонтов (1918 жылы атаман Ионов әскерін талқандаған командир), Е.Мураев (Шелек, Қарадыр, Кеген маңындағы «бандыларды» жойған) т.б. кейіпкерлердің аты аталып қана қоймай, олардың кім болғаны, қандай оқиғаларға қатысқаны да түсіндіріліп отырған.

«Арша жұпарын» деректі проза жанрында жазылған шығарма деген пікіріміздің тарихи оқиға орнына қарай талдайтын болсақ. Әңгіменің әлқиссасы: «Сілемдері Қорғасы тауына дейін шұбырып жатқан Алтынемелдің теріскейі мылқауға тіл бітіретіндей сұлу өлке, шөбі шүйгін, тау-тасты қуалап аққан суы – бал» деп басталып ары қарай Құндакбайдың қазақ басын жиып арғы бетке өткіземін дейтін Түлкілі тауы да хас батыр көкжал Құндакбайдың апанындай, торуылдан жасырынғанға таптырмас шатқал автордың тарихи деректерді негізге ала отырып жазғанына айғақ. Күреңбел, Қапал мен Ақсу, Талдықорған, Аралтөбе, Сарыөзек, Айнабұлақ қазақ жерінде кездесетін осындай жер атауларымен қатар, Құлжа, Боратолы, Шәуешек сынды Қытай аумағына қазақ халқының қиын-қыстау кездерде көшіп барып, елге қайтып оралғаны да, оралмағаны да қоныс тепкен өлкелердің атаулары да шығармада кездеседі.

**Қорытынды.** Заманнан заман өтсе де ескірмейтін, мәні жоғалмайтын шындықтар болады. Оларды еске салып отыру, сол арқылы халық санасын сергек ұстау – әдебиеттің биік парызы. Әрбір халықтың өз тарихының терең қабаттарын анығырақ білуге ұмтылуы, сондай қажеттілік пайда болуы ұнамды, ілгерішіл құбылыс. Сондай-ақ буржуазиялық «оқымыстылардың» қазақ халқы туралы әдейі бұрмаланған, көп қайталап қалыптастырған теріс пікірлерінің «уытын қайтарып», шын болған жағдайды лайықты түрде тану, бағалау оңайлықпен іске асатын нәрсе емес. Халқымыздың қайта оянуын сипаттайтын ең үлкен қуанышты мәселе – өз тарихымыздың ұзын-ырғасына, бұралаң жолдарына, жеңістеріне, қасіреттеріне өзіміздің көз жеткізуіміз, өткеннің алуан оқиғаларына жаттың, көлденең дұшпанның емес, адал перзенттің көзімен қарайтын болуымыз. Серік Әбікенұлының сюжеттік желісі қазақ басынан өткен нәубет жылдардың қасіретін өн-бойына сіңірген оқиғаларға құрылған. Тарихи тұлғалар мен ру аттары аталып,

батырлардың ерлігі, көмусіз қалған ел перзенттерін қойнауына басып қана азапты жылдардың куәсі болып қала берген қара жердің «Кісіқырылған» деген қайғылы атты арқалауы да «Арша жұпарын» деректі проза жанрының жауһарлы туындысы екенін әлі де дәлелдей түсуімізге, Серік Әбікенұлының басқа шығармаларын да терең үңіліп талдауымызға жол ашады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

Әбікенұлы С. (2018). Жолбарыс жымы: әңгімелер, аңыздар, хикаялар, ойлар, сатира. – Алматы: Аспантау. – 339 б.

\_\_\_\_\_. (2020). Омарбек Мерген // Ана тілі. №21(1541) 28 мамыр – 3 маусым 2020. – 6 б.

\_\_\_\_\_. (2017). Кісіқырылған. <https://qazaqadebieti.kz/12132/kisi-yryl-an> (қаралған уақыты: 06.03.2020 ж.).

Бердібай Р. (2018). Роман және заман. Он томдық шығармалар жинағы. Т.5. – /Алматы: РПБК «Дәуір». – 285 б.

Бітібаева Қ. (2003). Әдебиетті тереңдетіп оқыту: Екінші басылым. – Алматы: «Мектеп баспасы» ЖАК. – 416 б.

Жабаев Ж. (1982). Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Революцияға дейінгі шығармалары / Құрастырушылар Садырбаев С., Сейдахметов К. – Алматы: Жазушы, 336 б.

Жұмақаева Б.Д. (2015). Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқулық – Жұмақаева Б.Д. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. – 242 б.

Жұматаева Е. (2016). Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту: оқу құралы. – Алматы: Эверо. – 252 б.

Нарымбетов Ә., Жаппасұлы Е., Қажы С. (2009). Әдеби өмір шежіресі: ғылыми басылым. – Алматы: Ан Арыс. – 671 б.

### **References**

Abikenuly S. (2018). Zholbarys zhymy: angimeler, anyzdar, hikayalar, oylar, satira. [Tiger's slot: stories, legends, story, thoughts, satire]. – Almaty: Aspamtau. – 339 p.

Abikenuly S. (2020). Omarbek mergen [Omarbek sniper] // Ana tili. №21(1541) 28 мамыр – 3 mausym 2020. – 6 p.

Abikenuly S. Kisikyrylgan [The man was killed]. <https://qazaqadebieti.kz/12132/kisi-yryl-an> (date of address: 06.03.2020).

Berdibay R. (2018). Roman zhane zaman [Roman and Time]. On tomdyk shygarmalar zhiynagi. T.5. – /Almaty: RPBK «Daur». – 285 p.

Bitibayeva K. (2003). Adebyetti terendetip okytu: Ekinshi basylym [In-depth study of literature: 2nd edition]. – Almaty: «Mektep baspasy» ZhAK. – 416 p.

Zhabayev Zh. (1982). Eki tomdyk shygarmalar zhiynagy. T.1. Revalyutsyaga deyingi shygarmalary [A two-volume collection of works. T.1. Pre-revolutionary works]. / Ed. By Sadyrbayev S., Saydahmetov K. – Almaty: Zhazushy. – 336 p.

Zhumakayeva B. (2015). Kazak adebyetin okytu adistemesi. Okulyk [Methods of teaching Kazakh literature. Textbook]. – Almaty: «Kyzdar universiteti» baspasy. – 242 p.

Zhumatayeva E. (2016). Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту: оқу құралы

Zhogary mektepte adebyetti bilimdenudin innovatsyalık tehnologyalarymen okytu: oku kuraly [Teaching literature in high school with innovative technologies of education: textbook]. – Almaty: Evero. – 252 p.

Narymbetov A., Zhappasuly E., Kazhi S. (2009). Adbi omir shezhiresi: gylymi basylym [Chronicle of literary life: scientific publication]. – Almaty: An Arys. – 671 p.

### **Genre of non-fiction works of Serik Abikenovich and methods of teaching it**

**ZHUNDIBAYEVA Aray**

PhD, Associate Professor Shakarim University of Semey  
Semey/Kazakhstan

**MURALBEK Meyirgul**

Shakarim University of Semey  
Semey/Kazakhstan

**Abstract.** *The article examines non-fiction of Serik Abikenuly and considers of his work in terms of a time of events in a plot, characters, a historical reality of toponymic names and teaching of his written works. The author of the article relied on the critical opinions of scientists-researchers of the Romance genre, demonstrating an artistic solution and a reality of life. In the analysis of his written works, it was proved that the place, time of the event, the existence of characters in life was proved by the example of the works of other scientists and writers. The article considers S. Abikenuly's documentary prose that are contributed in reviving of historical figures, family names, secret legends of the kazakh steppe, heroes of the early xx century, the role of knowledge of the remnants of the past in the formation of historical consciousness. Teaching of a written work based on historical data plays an important role in the formation of historical knowledge and national identity of learners. Therefore, in addition to the analysis of literature, the article shows the methods of teaching it.*

**Keywords:** *genre of documentary prose, historical reality, stylistic feature of literature and theory of literature, teaching prose, effective methods and techniques of reading.*

### **Жанр документальной прозы в творчестве Серика Абикеновича и методы ее преподавания**

**ЖУНДИБАЕВА Арай**

доктор PhD, ассоциированный профессор университет имени Шакарима г. Семей  
Семей/Казахстан



**МУРАЛБЕК Мейргүль**

Магистрант университет имени Шакарима г. Семей  
Казахстан/Семей

**Аннотация.** *В статье рассмотрены произведения Серика Абикеновича, написанные в жанре документальной прозы, время событий в сюжетной сети, соответствие персонажей и топонимических названий исторической действительности и преподавания его письменных произведений. Автор статьи опирался на критические мнения ученых-исследователей романского жанра, демонстрирующие художественное решение и реальность жизни. В анализе произведений было доказано, что место, время события, существование персонажей в жизни было доказано на примере произведений других ученых и писателей. В центре внимания – место документальной прозы С. Абикенулы в возрождении исторических личностей, родовых имен, тайных легенд казахской степи, героев начала XX века, роль познания пережитков прошлого в формировании исторического сознания. Преподавание письменной работы на основе исторических данных играет важную роль в формировании исторических знаний и национальной идентичности учащихся. Поэтому, помимо анализа литературы, в статье показаны методы ее обучения*

**Ключевые слова.** *жанр документальной прозы, историческая реальность, стилистическая особенность, теория литературы, преподавание прозы, эффективные методы и технология обучения.*